

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі
С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті

Университеттің Ғылыми
Кеңесінің отырысында
қарастырылды
Хаттама №15 «30» мамыр
2019 ж.



БЕКІТЕМІН
С. Сейфуллин атындағы Қазақ
агротехникалық университетінің
Басқарма Төрағасы

Күрішбаев А.Қ.
03.06.2019 ж.

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

«Бухгалтерлік есеп және бизнесті құқықтық қамтамасыз ету»

Білім беру саласының жіктеуі мен коды: 7М04 Бизнес, басқару және құқық

Даярлау бағыттарының жіктеуі мен коды: 7М041 Бизнес және басқару

Білім берудің халықаралық стандартты жіктеу коды: 0410

Дәреже: "7М04104 Бухгалтерлік есеп және бизнесті құқықтық қамтамасыз ету"
білім беру бағдарламасы бойынша экономика ғылымдарының магистрі

Оқу мерзімі: 2 жыл

Нұр-Сұлтан 2019

Авторлық ұжым:

1. Байдаков А.Қ. – э.ғ.к., қауымдастырылған профессор, С. Сейфуллин атындағы ҚАТУ есеп және аудит кафедрасының меңгерушісі;
2. Шауқерова З.М. – э.ғ.к., С. Сейфуллин атындағы ҚАТУ есеп және аудит кафедрасының доценті;
3. Кожаметова А.Е. – з.ғ.к., С. Сейфуллин атындағы ҚАТУ экономикалық теория және құқық кафедрасының доценті;
4. Алиева В.И. – «Кәсіби бухгалтерлер Лигасы» кәсіби бухгалтерлер ұйымы Басқарма Төрағасы;
5. Балтабаев Б.К. – "Центр аудита и оценки" ЖШС директоры, аудитор.

Авторлық ұжым «С. Сейфуллин атындағы ҚАТУ» АҚ 12.12.2018 ж. № 932-Н бұйрығымен бекітілген.

"Бухгалтерлік есеп және бизнесті құқықтық қамтамасыз ету" білім беру бағдарламасы есеп және аудит кафедрасының отырысында талқыланды, 19.12.2018 ж. №7 хаттама,

Білім беру бағдарламасы факультет Кеңесімен мақұлданды, 19.04.2019 ж. №8 хаттама.

Мазмұны

№	Бөлімшелер атауы	
1.	Білім беру бағдарламасының паспорты	4
2.	Білім беру бағдарламасының жалпы сипаттамасы	5
3.	Түлектің құзыреттілік үлгісі (бейнесі)	6
4.	Кәсіби тәжірибелерді өту базасы	8
5.	Білім беру бағдарламасының құрылымы	9

1 Білім беру бағдарламасының паспорты

«Бухгалтерлік есеп және бизнесті құқықтық қамтамасыз ету» білім беру бағдарламасы жаңа кезеңнің бағдарламасы болып саналады және еңбек нарығының талаптарын ескере отырып ҚР Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына, Ұлттық біліктілік шеңберіне, Дублин дескрипторлары мен Еуропалық біліктілік шеңберіне сәйкес әзірленген. Білім беру бағдарламасын дайындауда Бухгалтерлердің халықаралық федерациясының IES 2 «Кәсіби бухгалтерлік білім беру бағдарламаларының мазмұны» Халықаралық білім стандарты мен Сертификатталған кәсіби бухгалтерлердің ассоциациясының АССА (Association of Chartered Certified Accountant) Бағдарламасының талаптары ескерілген.

Білім беру бағдарламасының мақсаты – бухгалтерлік есеп, аудит, қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттары мен қаржылық құқық облысында жоғары құзыреттіліктерге ие экономика ғылымдарының магистрлерін дайындау.

Бағдарлама шаруашылық үрдістері туралы ақпараттарды жинаудың, өңдеу мен ақпаратты ұсынудың заманауи әдістерін меңгерген, тәжірибеде қаржылық есептілік пен аудиттің халықаралық стандарттарына сәйкес бухгалтерлік есепті ұйымдастыру мен аудитті жүргізудің әртүрлі бағдарламаларын игерген, экономикалық субъектілердің қызметін құқықтық реттей алатын, ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізу мен педагогикалық қызметті жүзеге асыру дағдысы бар білікті бухгалтерлер мен аудиторларды дайындауға бағытталған.

Білім беру бағдарламасының негізгі міндеттері келесілер:

- магистранттардың есеп пен аудиттің заманауи бағыттары бойынша жеке оқу бағытын таңдауына жағдай жасау;
- магистрлердің еңбек нарығында жылдам жұмысқа қабылдануына ықпал ететіндей бәсеке қабілеттілігін қамтамасыз ету;
- білім алушылардың есеп және аудит облысындағы теориялық білімдері мен тәжірибелік біліктерінің тереңдеуін қамтамасыз ету;
- өзі білімдері мен біліктерін жетілдіруге ұмтылу мен жаңа білімдерді үнемі қажет ету қабілетін, дағдысын қалыптастыру;
- магистранттардың академиялық оралымдылығы үшін жағдай жасау;
- ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру мен жүргізу дағдысын қалыптастыру, докторантурада ғылыми жұмысын жалғастырудың алғышарттарын қалыптастыру;
- ЖОО педагогикасы мен психологиясы облысында қажетті білімдер алу және ЖОО-да білім беру дағдысын қалыптастыру.

2 Білім беру бағдарламасының жалпы сипаттамасы

Бүгінгі күні «Бухгалтерлік есеп және бизнесті құқықтық қамтамасыз ету» білім беру бағдарламасы заңнамадағы орын алып отырған өзгерістер мен шағын және орта бизнестің даму шарттарына байланысты ерекше өзектілікке ие болып отыр. Күрделі экономикалық жағдайда бірнеше кәсіби облыста айрықша құзыреттіліктерге ие мамандар өте қажет. «Бухгалтерлік есеп және бизнесті құқықтық қамтамасыз ету» бағдарламасы құқық облысындағы білімі бар осындай кәсіби бухгалтерлерді дайындайды.

Білім беру бағдарламасын жүзеге асыру барысында бухгалтерлік есепті үлгілеу, төлем-есеп айырысу операцияларының электронды жүйелері, шаруашылық субъектілерінің қаржылық қызметінің аудиті мен құқықтық қамтамасыз ету бойынша айрықша ғылыми және білім беру құралдары қолданылады. Экономика ғылымдарының магистрі бағдарламаны игергеннен кейін экономикалық субъектілердің қызметінің есебі қалай әрекет етуі мен жүргізілуін ғана емес, ол қызмет тиімділігіне аудиторлық баға беруге дайын, бизнесті дамыту мен қолдауға қажетті құқықтық негіздерді меңгерген.

Білім беру бағдарламасын дайындау мен жүзеге асыруда әлеуметтік серіктестер ретінде келесі ұйымдар қатысады: «Қазақстан бухгалтерлері мен бухгалтерлік ұйымдарының одағы» кәсіби бухгалтерлер ұйымы, «Кәсіби бухгалтерлер Лигасы» кәсіби бухгалтерлер ұйымы, "Аудит және бағалау" ЖШС, "Корпорация АПК-Инвест" ЖШС, "Қазақстан Республикасы Аудиторлар Палатасы" кәсіби аудиторлар ұйымы.

Білім беру бағдарламасын жүзеге асыруға С.Сейфуллин атындағы ҚАТУ оқытушылары (ғылым докторлары мен кандидаттары, PhD, ҚР Кәсіби бухгалтері сертификаттарының иегерлері, CAP, CIPA, ACCA DipIFR, Салық кеңес берушілері), өндірістен (экономиканың түрлі секторындағы кәсіпорындардың бас бухгалтерлері, қаржылық директорлары, аудиторлар мен қаржы саласының мамандары) тәжірибелі және білікті мамандарды тарту арқылы жүзеге асырылады.

Оқу үрдісінде келесі арнайы бағдарламалық өнімдер белсенді түрде қолданылады: деректерді статистикалық талдау үшін IBM SPSS (оқу пәндері: Статистика, Әлеуметтік-экономикалық статистика); жобаларды экономикалық талдау үшін Project Expert (пәндер Project Expert жүйесінде жобаларды талдау, Жобаларды талдау), кәсіпорынның қызметін қаржылық талдау үшін Audit Expert (пәндер Аудит, Экономикалық талдау), MatLab математикалық оңтайландыру және шешім қабылдау үшін, 1С-Бухгалтерия 8.3.

Бағдарламаның түлектері түрлі деңгейдегі мемлекеттік және аймақтық құрылымдарда, консалтингтік және аудиторлық фирмаларда, банктер, инвестициялық және сақтандыру компанияларында, ғылыми ұйымдар мен институттарда, білім беру мекемелерінде кәсіпорын басшысы, бас бухгалтер, қаржылық директор, сыртқы не ішкі аудитор, қаржылық кеңес беруші, ғылыми қызметкер қызметін атқарады.

3 Түлектің құзыреттілік үлгісі (бейнесі)

3.1 Кәсіби қызмет аясы

– жоғары білім беру, жоғары білім беруден кейінгі білім беру және ғылым саласында ғылыми-педагогикалық қызмет;

– бухгалтер, қаржылық директор, аудитор, қаржылық сарапшы, кеңес беруші, әкімшілік маман, институттардың, зерттеу бағдарламаларының, халықаралық бағдарламалардың ғылыми қызметкері ретіндегі және т.б. өндірістік қызмет;

– экономика ғылымдарының магистрі академиялық дәрежесіне сәйкес ағартушылық, есептік-талдамалық, басқарушылық және жоспарлау қызметі.

3.2 Кәсіби қызмет бағыттары

– ғылыми-зерттеу жұмысы: жоғары оқу орындарында мамандығына сәйкес ғылыми, оқу-әдістемелік, тәрбиелеу үрдістерін жүзеге асыру;

– ғылыми-зерттеу жұмысы;

– экономиканың әртүрлі салаларындағы түрлі ұйымдастырушылық-құқықтық формадағы кәсіпорындардағы шаруашылық операцияларының есебі;

– қаржылық есептілікті ҚЕХС мен АХС сәйкес дайындау, оның аудиті;

– бухгалтерлік есепті және аудитті жүргізудің түрлі бағдарламаларының көмегімен ақпараттар кешенін өңдеу, талдау;

– активтер, міндеттемелер, капитал, табыстар мен шығындар, ақша ағымы туралы ақпараттарды қалыптастыру, талдау және басқару шешімдерін қабылдау үшін пайдалану;

– кәсіпорындағы қаржылық-экономикалық қатынастарды ұтымды ұйымдастыру, заңды және жеке тұлғалардың экономикалық қызығушылығы мен меншігінің сақталуына ықпал ету.

3.3 Жалпы құзыреттіліктер

Осы бағдарламаны сәтті меңгергеннен кейін түлектер келесідей жалпы дағдыларды көрсете алады:

– өзінің жалпы мәдени және кәсіптік деңгейін дамыту мен өз бетінше жаңа зерттеу әдістерін меңгеру қабілетінің болуы;

– өзінің кәсіптік қызметінің бағытын өзгертуге дайын болу;

– өз бетінше жаңа білімдер алу мен дағдылар қалыптастыру қабілеті;

– ұйымдастырушылық-басқарушылық шешімдер қабылдай алу және олардың салдарларын бағалай білу қабілеті;

– кәсіптік қарым-қатынасқа түсу құралы ретінде шет тілін меңгеру; – іскерлік және ғылыми байланыстар орнату дағдысының болуы.

3.4 Кәсіби құзыреттіліктері

Осы бағдарламаны сәтті меңгергеннен кейін түлектер келесідей кәсіби дағдыларды көрсете алады:

1. Жүйелік талдау негізінде абстрактілі ойлау, мәселелі жағдайларды сыни талдау мен әрекет ету стратегиясын дайындау қабілеттілігі.

2. Отандық және шетелдік зерттеушілермен анықталған ғылыми зерттеулерді жалпылау мен сыни бағалау, зерттеудің перспективалық бағыттарын анықтау мен зерттеу бағдарламасын дайындау қабілеттілігі.

3. Заманауи қарым-қатынас пен ақпараттық технологияларды қолдану, шет тілін кәсіби және зерттеу қызметін жүзеге асыруға жеткілікте деңгейде меңгеру қабілеттілігі.

4. Жоғары және қосымша білім беру жүйесінде оқытушылық және ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүзеге асыру қабілеттілігі.

5. Бухгалтерлік есептің түрлі әдістерін қолдану, бухгалтерлер мен аудиторлардың кәсіби этикасының талаптарын сақтай отырып шаруашылық субъектілерінде есептік-аналитикалық, бақылау бөлімшелерін (топтарын) ұйымдастыру мен басқару қабілеттілігі.

6. Бухгалтерлер мен аудиторлардың кәсіби этикасының талаптарын сақтай отырып сыртқы аудиторлық тексерісті жүргізу мен кәсіпорында ішкі аудит жүйесін ұйымдастыру қабілеттілігі.

7. Басқару шешімдерін қабылдаудың қалыптасқан әдістерінің тиімділігі мен нәтижесін негіздеу, қызметтің теріс нәтижелерінің алдын-алоу мақсатында ұйымның экономикалық саясатын жоспарлау қабілеттілігі.

8. Ұйымның шаруашылық қызметінің нәтижелерінің бухгалтерлік есепте, қаржылық және салық есептілігінде дұрыс бейнеленуі бойынша туындаған сұрақтарды арнайы экономикалық, әкімшілік және арбитраждық соттарда өз бетінше қорғай алу қабілеттілігі

9. Дайындалған бағдарламаға сәйкес өз бетінше зерттеулер жүргізу, жүргізілген зерттеулер нәтижесін ғылыми қоғамдастыққа мультимедиялық құралдарды қолдана отырып мақала, диссертация, баяндама немесе презентация түрінде ұсыну қабілеттілігі.

10. Өзін-өзі дамытуға, тұлға ретінде өсуге, бастамашылық іс-әрекеттерге бару мен жетекшілік қасиеттерін қалыптастыру қабілеттілігі.

4 Кәсіби тәжірибелерді өту базасы

Ғылыми-педагогикалық магистратураның білім беру бағдарламасы педагогикалық және зерттеу практикасын қамтиды.

Педагогикалық практика кезеңінде магистранттар қажет болған жағдайда бакалавриатта сабақ өткізуге тартылады. Оның негізгі кезеңдері:

1.Танысу кезеңі: педагогикалық тәжірибені жоспарлау. Ғылыми-әдістемелік кезең: магистранттың тәжірибесі, оқытушылардың дәрістеріне қатысу.

2.Педагогикалық кезең; магистранттың оқытушылармен бірлескен әрекеті.

3.Ғылыми-педагогикалық кезең: инновациялық технологиялармен танысу, оның ішінде ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, ЖОО да есептік пәндерді оқытудағы заманауи әдістер мен әдістемелерді меңгеру.

Магистранттың зерттеу практикасы отандық және шетелдік ғылымның жаңа теориялық, әдістемелік және технологиялық жетістіктерін зерделеу, сондай-ақ ғылыми зерттеулердің заманауи әдістерін қолдану, диссертациялық зерттеулерде эксперименттік деректерді түсіндіру бойынша практикалық дағдыларды бекіту мақсатында өткізіледі.

Зерттеу практикалардың мазмұны диссертациялар тақырыбымен анықталады.

Магистранттардың зерттеу тәжірибесі ғылыми деректерді жинау, талдау мен жалпылау, магистрлік диссертация үшін ерекше ғылыми нәтижелерді дайындау, өз бетінше ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру дағдысын қалыптастыру, зерттеушілер құрамында ғылыми-зерттеулер жүргізуге бейімделу үшін ұйымдастырылады. Оның негізгі кезеңдері:

1.Ғылыми-зерттеу жұмысын жоспарлау. Деректерді жинау (эмпирикалық деректер, деректер базасы, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу: лабораториялық не аналитикалық зерттеулер, үлгілермен жұмыс).

2. Деректерді заманауи статистикалық және заманауи ақпараттық технологиялар көмегімен өңдеу, талдау.

3.Ғылыми-зерттеу жұмысы туралы есеп дайындау, зерттеу нәтижелерін жариялау, зерттеу нәтижелерін магистрлік диссертацияда жалпылау.

Білім алушыларды тәжірибелік дайындау үшін әртүрлі меншік нысанындағы жетекші кәсіпорындармен белсенді ынтымақтастық орнатылған: «Ұлттық басқарушы холдинг «ҚазАгро» АҚ, «Кәсіпкерлікті дамыту қоры «ДАМУ» АҚ, «Экономикалық зерттеулер институты» АҚ, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің ғылым Комитетінің экономика Институты, «ҚазАгроҚаржы» АҚ, «Қазақстан Темір Жолы» АҚ, «КазТемірТранс» АҚ, «Синергия-Аудит» ЖШС және т.б.

5 Білім беру бағдарламасының құрылымы

№ п/п	Пәндер циклдерінің және қызмет түрлерінің атауы	Жалпы еңбек сыйымдылығы	
		академиялық сағат бойынша	академиялық кредит бойынша
1	2	3	4
1.	Теориялық оқыту	1920	64
1.1	Базалық пәндер (БП) циклі	1050	35
1)	Жоғары оқу орны компоненті (ЖК):	600	20
	Оның ішінде:		
	Ғылым тарихы мен философиясы		
	Шет тілі (кәсіби)		
	Жоғары мектептің педагогикасы		
	Басқару психологиясы		
	Педагогикалық практика		
2)	Таңдау компоненті (ТК)	450	15
1.2	Бейіндеуші пәндер циклі	1470	49
1)	Жоғары оқу орны компоненті (ЖК)		
2)	Таңдау компоненті (ТК)		
3)	Зерттеу практикасы		
2	Ғылыми-зерттеу жұмысы	720	24
1)	Тағылымдамадан өту мен магистрлік диссертацияны орындауды қамтитын магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы (МҒЗЖ)	720	24
3	Оқытудың қосымша түрлері (ОҚТ)		
4	Қорытынды аттестаттау (ҚА)	360	12
1)	Магистрлік диссертацияны ресімдеу және қорғау (МДРҚ)	360	12
	Барлығы	3600	120